

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№14			
Күндері		29.11 - 03.12.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Жайнай бер, менің Қазақстаным! / Процветай, мой Казахстан! / Prosper, my Kazakhstan			
Мекеменің атауы, тобы		«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Байсакалова Ш.Ж.			
Апта күндері		Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі
Жұма					
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау		Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.			
Ата-аналармен әңгімелесу.		Әңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".			
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп, алып тастау әрекетіннің үлгісін көрсету; суару қажеттілігін қалай білуді сұрау; құрғақ топырақты ылғалды ету, суару үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын өздері қоюын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, суретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, беттерінің тегіс болуын бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)		" Менің Отаным " тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсаты. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру; Отан туралы алғашқы жалпы ұғымдарды қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына сай Қазақстанның кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап, педагогке қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! Е. Өтетілеу.	" Машиналар жүреді " саусақ жаттығуы. Мақсаты. Балаларды тақпақтың ырғағына және мазмұнына сай саусақ жаттығуын жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Құралдар: көліктердің суреттері немесе ойыншық машиналар. Педагог алғашында балалардан балабақшаға автомашина немесе автобуспен жеткенін сұрап жатады, машинаның (көліктің) суретін көрсетеді. Жаттығу саусақтарды үстел бетіне жүргізіп, жұдырықтарды қысып, содан соң қолдарымен бұлғау арқылы орындалады. - Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды.	" Көліктерге дөңгелектерді салып бер " дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды көлемі әртүрлі көліктердің кескіндері көлеміне сай дөңгелектерді таңдап, салып беруге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен мөлшерлеу, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты: әрбір көліктің көлеміне сай дөңгелектерді салып беру. - Еліміз – Қазақстан, Астанамыз – Нұр-Сұлтан. Биік-биік бар үйлер, Бәйтеректей сарайлар.	" Ойыншықтарды жолдан өткізейік " дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың жол ережелері, жүргіншілер жолу туралы ұғымдарын қалыптастыру; қарапайым әлеуметтік дағдыларды игерту. Шарты: педагог жасыл таңбалауышты көрсеткен кезде, қолға ұстаған ойыншықты "ала жолақтың" (жүргіншілер жолы) үстінен жүргізіп, "топ-топ-топ" айтып, жолдан өткізу. Педагог балаларға бағдаршамның түсі қызыл, сары, жасыл, дөңгелек таңбалауыштарын көрсетеді. Балаларға жасыл жаңғанда өтуге болатынын түсіндіреді. Әрбір бала таңдаған ойыншығын жүргіншілер жолының үстімен өткізіп жатады. - Жасыл жанса - күлейік, Жолдан өтіп жүрейік.
Таңғы жаттығу (5мин)		Кешенді жаттығулар			

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қатыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Бұл кім жанымда тұрған? Кім менімен бірге ойнаған? Бұл менің досым, айналайын! Досымды құшақтайын.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Бәйтерек". Мақсаты. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды тіпінен орналасқан бейненің жоғары жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп, салуға жаттықтыру; қарындаш ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру. <i>"Биік-аласа" дамытушы ойын рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсаты. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өтуге үйрету; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. <i>"Тальго пойызы" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Менің Отаным". Мақсаты. Балаларды Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін мәнерлеп, жатқа айтуға үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқуда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. Музыка. "Елімнің елтаңбасы". Мақсаты. Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. <i>«Қояндар» музыкалық-дидактикалық ойыны.</i>		Жаратылыстану. "Алтын балық". Мақсаты. Балаларды аквариуммен және аквариумдағы балықтардың дене құрымылымы мен тіршілік ерекшеліктерімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту. <i>"Ала балықтар" шығармашылық рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Тальго пойызы". Мақсаты. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін оқу қызметін пысықтау. <i>"Тальго пойызы" қимыл ойыны.</i>	Музыка. "Елімнің рәміздері". Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін дамыту; "Отан" сөзін естіген кезде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару. <i>«Күн мен бұлт» ойыны</i>

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Өлімбаев
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.

Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсаты. Балалардың түстерді, пішіндерді қабылдау, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі-түсті, көлемдері бірдей көрнекілік жеке геометриялық пішіндер моделдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндерді атайды.	"Дәмді және дәмсіз" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балаларға тағамдар және дәмдер туралы түсініктерін, пантомималық қабілеттерді қалыптастыру; әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.		Құрастырудан ойын-жаттығулар: "Жүргінші жолы". Мақсаты. Балаларды кірпіштен "ала жолақты жүргінші жолын" жасауға үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп, жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын және түйсігін дамыту. "Жүргінші жолын саламын" іс-тәжірибе жаттығуы. "Биік және аласа үйлерді құрастырайық" үстел ойыны. Мақсаты. Балаларды үшбұрыштар, шаршы, тіктөртбұрыш арқылы биік және аласа үйлерді құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштардың ұсақ моделдері (пластик немесе катпа қағаз). Педагог балаларға қала көшелерінде тұрған биіктігі әртүрлі үйлерді (немесе геометриялық пішіндерден құрылған сызбаларды) көрсетеді. Балалар биік және аласа құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. Үйді салғым келеді, (шапалақтау) Қабырғасы керегі, (шапалақтау) Қабат-қабат кірпіштер (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Қатар-қатар кезегі. (жұдырықтарды бір-бірінің үстінен қойып, орындарын алмастыру) Д. Ахметова	Дене шынықтырудан ойын-жаттығулар: "Алға, Қазақстан!" Мақсаты. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту. "Поезд" қимылды ойыны. "Пойыз" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін дамыту. - Балалар, естіп тұрсыңдар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у ... Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова Педагог сапты бастаса да балалардың жүру бағытын, бір-біріне соғылмауын қадағалап жатады.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	- Жалаушалар – қолдарым, Созамын жоғары, бұлғаймын. Жан-жаққа сермеп, бұлғайын, Көкке созылып тұрайын. Созылып болдым, Түсірдім қолды. Д. Ахметова	"Шелпектер". Мақсаты. Ермексаздан кесектерді үзіп, шарларды илеп, екі саусақпен басу амалдарын игерту.		Саусақ жаттығуы. "Алақай! Алақай!" - Алақай! Алақай! Келді суық қыс міне, Біз далаға шығамыз, Жаттығу жасаймыз, Бір, екі! Бір, екі! Қарды қағып, бір-екі, Д. Ахметова	"Пойыз" ойыны. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у ... Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланың түсінігінде "Қазақстанның біздің Отанымыз" ұғымын қалыптастыру", "Отан, туған өлке ұғымына не жатады?", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".				

Тексерген : Бекишева М .А. 